

Бопылова Салима Эрмекбаевна

"Теңге бөбекжай-бақшасы" әдіскері

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие мен білім саласындағы менеджменттің маңызы мен ерекшелігі

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру егеменді еліміздің ертеңі-өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ-ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселесі ұлттық дамудың стратегиясымен тығыз байланыста және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Қоғамда болып жатқан өзгерістер жаңа ғасырдың білімді, саналы жастарын тәрбиелеуші педагогтарға үлкен міндет жүктейтіні сөзсіз. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік, дағдыларды меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім беру мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі.

Білім беру балабақша табалдырыған басталады десек, ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналады.

Олай болса мектепке дейінгі мекемені басқару, педагогикалық ұжымның жұмысын үнемі бақылап, оны жүйелі түрде ынталандырып, тәрбие-білім жұмысын сауатты ұйымдастырып және оны ұйымдастыру мен басқаруда

педагогиканың ғылыми негіздерін жеткілікті деңгейде меңгеру- басшының мойнында.

Педагогикалық жүйені нәтижелі басқару үшін басқару мәдениеті қажет, ал басқару мәдениеті – басқару әрекетінің көп жылғы әлемдік тәжірибесін ұғыну мен мәні мен мағынасын түсіну деген сөз. Балабақша тәжірибесінде тәрбие беру мекемелерінің алдына қойылған мақсаттары, педагогикалық ұжымды қадағалау мен бағалау жүйесін әзірлеу жұмыстары ғылым ұсынған әдістерді, мекеменің өзіндік ерекшеліктерін ескермей жүргізу, яғни өткен тәжірибеге сүйену арқылы жүзеге асыру басым болатын жағдайлар көптеп кездеседі.

Білім беру жүйесіндегі басқару қазіргі таңда «педагогикалық менеджмент» ұғымымен байланысты. Алайда, педагогикаға қатысты «басқару» ұғымының аясы кең әрі көлемді болып келеді, себебі «менеджмент» термині басынан басқарудың бір формасы ретінде, нақтырақ айтсақ, кәсіпкерлер корпорациясы немесе акционерлік компания арқылы әлеуметтік-экономикалық үдерістерді басқарудың бір формасы түрінде енгізілген.

Педагогикалық менеджментті қазіргі білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енгізу бүгінгі таңдағы қазақстандық білім жүйесінің реформалану жағдайында, білім жүйесін демократияландыру негізінде білім беру мекемелері бірүлгіліктен арылып, халыққа көп нұсқалы білім қызметін ұсынып, инновациялық үдерістерге қатысып жатқанда басқаруды лайықты түрде жүзеге асыру қажеттілігінен туындап отыр. Алайда басқару объектісінің – мектепке дейінгі мекеменің мұндай өзгерісі – басқару субъектісінің де өзгеруін қажет етеді. Білімді басқарудың түбегейлі жаңғыртылуы басшылар әрекетінің де жаңаруын да талап етеді. Мектепке дейінгі ұйымның пайда бола бастаған құқықтары мен дербестендірілген, бәсекеге қабілетті саясат жүргізе білу қажеттілігі жасалған таңдау үшін жауапкершіліктің жоғарылауына да тікелей байланысты.

Педагогикалық жұмыстың өзіндік ерекшелігі, оның шығармашылық сипаты озық тәжірибе құруға ерекше назар салуды талап ете отырып, басқарудағы бұйрық беру мен құрғақ әкімшілікпен әуестенуге жол бермейді. Білім беру мекемесін тиімді басқарудың негізгі шарты – педагогикалық ұжымның бастамасына сүйену, олардың шығармашылық ізденістерін жан-жақты қолдау және ынталандыру. Айта кету керек, өмірдің барлық талаптарына сай келетін және барлық жағдаяттар мен талаптарға жауап бере алатын басқарудың әмбебап әдістері жоқ. Сондықтан, қазіргі жағдайда білім беру мекемелерін басқаруда тек жүйелі, кешенді тәсілдемені пайдалану ғана білім мекемесін табысты басқаруды және оқу мен тәрбие үдерісінің тиімділігі мен белгіленген мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ете алады.

Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі-өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине, ол үшін мектепке дейін білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагоктардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін заттақ-дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Бала біздің болашағымыз, бала біздің қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбие мен біліммен қамту өзімнің басты мақсаттарымның бірі екенің қуана айта аламын!